ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 24 ақпан № 3313-25-00-2/2063 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Башенова
А.Оқастың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекет мекемесінің «Текелі қаласының олимпиадалық резервтегі мамандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Қаныбек Айнұр Әділбекқызы «Armada Service Co» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.А. Байсеитов
жауапкер Қаныбек А.Ә.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

29.09.2025 жылы талап қоюшы «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекет мекемесінің «Текелі қаласының олимпиадалық резервтегі мамандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемелекеттік мекемесі және жауапкер Қаныбек Айнұр Әділбекқызы «Armada Service Co» Жеке кәсіпкердің арасында №67 келісімшарты жасалған.

Келісім шарттың ажырамас бөлігі №1 қосымшасыына сәйкес, келісімшарттың мәні – Шлагбаум орнату жұмыстары.

Жұмыстарды орындау мерзімі - тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде.

Документ подписан: Башенова Г. М., 03.03.2026
3313-25-3-1/2134

Келісім шарттың жалпы сома ҚҚС- сыз 1 094 240 теңгені құрайды.

Шарттың мазмұнына сәйкес - 4.4 Тапсырыс беруші:
1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;
5.3 Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Орындаушы тексеру сәтінен бастап 10 ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай дабір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.
5.4 Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келуін тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық құралдар беріледі және жәрдем көрсетілетін болады.
5.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың біреуі де Орындаушыны Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.
6.1 Жұмыс орындалды деп саналады Орындаушының Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

9.3 Егер басқа тарап Шарттың талаптарын Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындай елеулі бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе Мердігер/Орындаушы Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын елеулі бұзу өзіне мыналарды қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектеліп қалмайды:
1) егер Орындаушы Жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

Жауапкер өзіне жүктелген міндеттемені орындамағаны үшін Шарт біржақты тәртіпте тапсырыс берушімен бұзылған.

Талап қоюшы жауапкер шартта өзіне жүктелген міндеттемені орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір сотқа түспеді.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруын сұраған .

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес

Документ подписан: Башенова Г. М., 03.03.2026
3313-25-3-1/2134

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап коюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемелерді орындамағаны сотта анықталды. Жасалған жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде техникалық ерекшелік сәйкес келмегенін танып талап коюшы шартты бұзу шараларын қабылдаған, Жауапкер шартты бұзуды дауламаған. Қазырғы таңда жауапкер міндеттемелеріе тиісті түрде орындамаған себепте шарт бұзылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуіріндегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап коюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Шарттың талаптарын орындамау салдарынан Мекемеге жауапкердің әрекетімен талап коюшыға теріс салдарлар туындағаны сотта анықталды, яғни Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн.

АК-тің 10-бабының 1-тармағына сай кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысуымен байланысты тәуекелдерді көтереді.

Талап коюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған, талап коюды сотқа уақытылы тапсырған.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап коюы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджет пайдасына

Электронды қол қойылды: Бащенова Г. М., 03.03.2026

талап қоюшы толеуден босатылған мемлекеттік баж салығы 2 163 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекет мекемесінің «Текелі қаласының олимпиадалық резервтегі мамандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемелекеттік мекемесі жауапкер Қаныбек Айнұр Әділбекқызы «Armada Service Co» Жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Жауапкер Қаныбек Айнұр Әділбекқызы «Armada Service Co» Жеке кәсіпкерлігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер Қаныбек Айнұр Әділбекқызы «Armada Service Co» Жеке кәсіпкерлігінен мемлекеттік пайдасына мемлекеттік баж 2163 (екі мың жүз алпыс үш) теңге өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурор өтінішхат - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, келтіруге құқылы.

Судья Башенова Г.М

Көшірмесі дұрыс

Судья Башенова Г.М

Анықтама

Шешім түпкілікті нысанда 2026 жылы«03» «03» дайындалды

Судья Башенова Г.М

Анықтама

Шешім күшіне енді «02» «04» 2026 жылы енді

Судья Башенова Г.М

Шешім тігілді және нөмірленді 2 бетте

Судья: Башенова Г.М

Документ подписан: Башенова Г. М., 03.03.2026